

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 26-II**

Бакуде 1998 жылғы 23 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Президенті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ӘЗІРБАЙЖАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ
САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ
(Баку, 1998 жылғы 23 қазан)**

Бұдан былай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі, екі мемлекет арасындағы тарихи қалыптасқан қарым-қатынастарды назарға ала отырып, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып, өнеркәсіп меншігін тиімді және теңбе-тең қорғау мұндай ынтымақтастықты дамытудың қажетті шарты болып табылатындығын тани отырып, осы мақсатқа байланысты өнеркәсіп меншігі авторлары мен иелерінің құқықтарын қорғауға қолайлы жағдайлар жасау қажеттігін пайымдай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаттары үшін өнеркәсіп меншігі құқығына мыналар жатады: өнертабыстар, пайдалы модельдер; өнеркәсіп үлгілері; тауар таңбалары; қызмет көрсету белгілері; фирмалық атаулары; тауардың шыққан тегінің немесе шыққан жері атаулары.

2-бап

Тараптар осы Келісімге және өздері қатысушылары болып табылатын немесе болмақшы басқа да халықаралық шарттарға сәйкес өнертабыстарға, өнеркәсіп үлгілеріне, тауар таңбаларына және өнеркәсіп меншігінің басқа да объектілеріне құқықты қорғау асырады әрі дамытады. саласындағы ынтымақтастықты өзара тиімді және тең негізде жүзеге

3-бап

Тараптардың ынтымақтастығы:
өнеркәсіп меншігінің объектілеріне арналған құқықтарды қорғау мен пайдалануға байланысты мәселелерді реттеп отыруға;

Қазақстан Республикасы өтінім берушілерінің Әзірбайжан Республикасында және Әзірбайжан Республикасы өтінім берушілерінің Қазақстан Республикасында қорғау құжаттары берілуін сұраған өтінімдерінің берілу рәсімдерін өзара жеңілдетуге;

өнеркәсіп меншігін қорғау саласындағы ақпараттық, нормативтік және өзге құжаттармен, сондай-ақ жұмыс тәжірибелерімен алмасуға бағытталады.

4-бап

Өнеркәсіп меншігін қорғау саласында Тарап мемлекеттерінің бірінің жеке адамдары мен заңды тұлғалары екінші Тарап мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің ұлттық заңдарымен олардың өздерінің жеке адамдары мен заңды тұлғаларына қазіргі кезде берілген немесе келешекте берілетін дәл сондай құқықтар мен артықшылықтарын пайдаланатын болады, сондай-ақ олар екінші мемлекеттің жеке адамдары мен заңды тұлғалары пайдаланатын құқықтық қорғаныс құралдарын дәл сондай негізде және тап сондай көлемде пайдалана алады.

Бұл орайда осы Келісіммен реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар 1883 жылғы 20 наурызда қабылданған өнеркәсіп меншігін қорғау туралы Париж Конвенциясының, 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қайта қаралған және 1979 жылдың 2 қазанында өзгертілген ережелерін қолданатын болады.

5-бап

Тараптар бұрынғы КСРО авторлық куәлігі немесе куәлігі берілген өнертабыс немесе өнеркәсіп үлгісін заңды түрде пайдалану, оларға басқа адамдар ұлттық патент беру туралы өтініш берілген күнге дейін басталған болса, Қазақстан Республикасы немесе Әзірбайжан Республикасының кез келген жеке адамы немесе заңды тұлғасы лицензиялық шарт жасаспай-ақ өнертабыс немесе өнеркәсіптік үлгісін пайдалану құқығын сақтап қалатынын таниды.

Бұл орайда сыйақы төлеу өнертабысты немесе өнеркәсіп үлгісін пайдаланып жүрген немесе пайдаланатын мемлекеттің аумағында бекітілген ұлттық заңдары тәртібімен жүргізіледі.

6-бап

Тараптардың әрқайсысы:

өнеркәсіп меншігі объектілеріне бұрын берілген КСРО қорғау құжаттарының өз мемлекеті аумағындағы іс-әрекетін тануды;

КСРО авторлық куәліктері және куәліктерімен қорғалатын өнертабыстар мен өнеркәсіп үлгілерін пайдаланғаны үшін сол пайдаланған жердегі мемлекеттің ұлттық заңдарына сәйкес авторларға сыйақылар төлеуді;

екі мемлекеттің өтінім берушілері мен олардың патенттік сенімді өкілдеріне ұлттық қорғау құжаттарын алуға өтінімдерін ресімдеу құқығымен қатар өнертабыстарға КСРО авторлық куәліктерін және өнеркәсіп үлгісіне КСРО куәліктерін олардың қалған қызмет мерзімінде ұлттық қорғау құжаттарына айналдыру құқығын беруді қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдайды.

7-бап

Тараптар экономикалық, өнеркәсіптік, ғылыми және техникалық ынтымақтастық туралы екі жақты келісімге өнеркәсіп меншігі объектілерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ережені енгізуді де өз міндеттеріне алады.

8-бап

Қорғау құжаттарын алуға өтінім берген кезде, қорғау құжаттарын алғанда және оларды күшінде ұстағанда екі мемлекеттің де патенттік сенімді өкілдері, бұл орайда ұлттық өтінім берушілердің мүддесін көрсете отырып, өзара принципті негізде мемлекеттердің патенттік ведомстволарымен тікелей іс жүргізе алады. Тарап мемлекеттерінің бірінің ұлттық өтінім берушілеріне оның ұлттық заңдарында белгіленген тәртіпте, сондай-ақ өзара принципті негізде қорғау

құжаттарын алу және оларды күшінде ұстау жөніндегі істерді екінші Тарап мемлекетінің патенттік ведомствосымен тікелей жүргізуіне құқық беріледі.

9-бап

Тараптар басқа мемлекеттің өтініш берушісі қорғау құжатын алуға өтініш беру кезінде өнеркәсіп меншігі объектілерін шетелдік патенттеу тәртібіне қатысты ұлттық заң талаптарын өтініш берушінің сақтағандығын куәландыратын құжатты тапсырудың міндетті шарт екендігін мойындайды.

10-бап

Өтінімдер беруге, қорғау құжаттарын беруге, оларды күшінде сақтауға және өнеркәсіп меншігін қорғау мен пайдалануға қатысты өзге де заңдық маңызы бар әрекеттерді жасауға төленетін баждар және басқа да қызметтер көрсетуге төленетін төлемдер, ұлттық өтінім берушілердің баждары, төлемдердің төленуі үшін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары белгілеген бағам бойынша Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарында қаралған мөлшерде және валютамен төленеді.

11-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру барысында Тараптардың бірінің екіншісіне жолдайтын барлық құжаттары орыс тілінде ұсынылады.

12-бап

Осы Келісіммен немесе оны орындауға байланысты мәселелерден туындаған пікір қайшылығы жағдайында Тараптардың өкілдері өзара кеңеседі және осы қайшылықтарды реттеуге қажетті күш-жігер жұмсайды.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың өнеркәсіп меншігін қорғау саласында басқа мемлекеттермен екі жақты және көп жақты ынтымақтастыққа қатысуына кедергі болмайды.

14-бап

Осы Келісімді орындау үшін жауапкершілік Тараптардың патент ведомстволарына жүктеледі:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің патенттер мен тауар таңбалары жөніндегі Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (Қазпатент);

Әзірбайжан Республикасында - Әзірбайжан Республикасы Ғылым және техника жөніндегі мемлекеттік комитетінің патенттік-лицензиялық басқармасына жүктеледі.

Екі мемлекеттің патент ведомстволары ынтымақтастығының тәртібі мен шарттары олардың арасындағы арнайы келісімдермен айқындалады.

15-бап

Осы Келісім Тараптардың барлық қажетті мемлекетшілік процедураларды орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді, сондай-ақ бес жыл бойы күшінде болады және егер Тараптардың бірі екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтататын өзінің ниеті туралы тиісті кезең аяқталудан кем дегенде алты ай бұрын хабарламаса, онда келесі бес жылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады.

Осы Келісім күшінің тоқтауы екі мемлекеттің де жеке адамдары мен заңды тұлғаларына Келісім күшін сақтап тұрған кезде түскен өтінімдер бойынша берілген немесе берілуі мүмкін қорғау құжаттарының қолданысына ықпал етпейді. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы баптың ережелеріне сәйкес күшіне енетін Хаттамамен ресімделеді. Баку қаласында 1998 жылғы 23 қазанда әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаса орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

1998 жылы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 1037 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
1. Қоса беріліп отырған 1998 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Әзербайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаевқа 1998 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.11.2015 № 923 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Жоба

**1998 ЖЫЛЫ 23 ҚАЗАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН
ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК
МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ
ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі, 1998 жылы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) басшылыққа ала отырып, Келісімге өнертабыстарға, өнеркәсіптік

үлгілерге, тауар таңбаларына және басқа да өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау және пайдалану саласында өзара тиімділік және тепе-теңдік негізіндегі ынтымақтастық мәселелері бойынша өзгерістер енгізуді қалай отырып, төмендігілер туралы келісті:

1-бап

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Келісімнің мақсаттары үшін «өнеркәсіптік меншік» ұғымы 1967 жылғы 14 шілдеде Стокгольмде қайта қаралған, 1979 жылғы 2 қазандағы өзгерістері бар 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы Париж конвенциясының (бұдан әрі - Париж конвенциясы) 1-бабында көрсетілген мағынасында түсінілетін болады.».

2-бап

Келісімнің 6-бабының үшінші абзацындағы «төлеуді;» деген сөз «төлеуді қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдайды.» деген сөздермен ауыстырылып, төртінші абзацы алып тасталсын.

3-бап

Келісімнің 8-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғау құжаттарын беруге өтінімдер беру, қорғау құжаттарын алу және оларды күшінде ұстау кезінде екі мемлекет Тараптарының өтінім берушілері істі осы мемлекеттердің патенттік сенімді өкілдерімен тікелей жүргізуге міндетті.».

4-бап

Келісімнің 9-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тараптар басқа мемлекеттің өтінімі берілген кезде өнеркәсіптік меншік объектілерін шетелдік патенттеу тәртібіне қатысты ұлттық заңнама талаптарының сақталуын растайтын құжаттың берілуін міндетті шарт ретінде таниды.».

5-бап

14-баптың бірінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;
Әзірбайжан Республикасында - Әзірбайжан Республикасының Стандарттау, метрология және патенттер жөніндегі мемлекеттік комитеті.».

6-бап

Осы Хаттама Келісімнің 15-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді және Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін әрекет етеді.

2014 жылғы «__» _____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ,әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

**"1998 жылы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті
қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу
туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014
жылғы 29 қыркүйектегі № 1037 қаулысына өзгеріс енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 923
қаулысы**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. «1998 жылы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 1037 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының Әзербайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаевқа 1998 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы өнеркәсіптік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі